ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Мұнай өнімдері

СУДЫҢ БОЛУЫН АНЫҚТАУ

КАРЛ ФИШЕР БОЙЫНША КУЛОНОМЕТРИЯЛЫҚ ТИТРЛЕУ ӘДІСІ

ҚР СТ ИСО 12937-2004
(ИСО 12937:2000, IDT)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің
Стандарттау, метрология және сертификаттау комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

gost.e-ecolog.ru

Алғысөз

1 "Қазақ мұнай және газ институты" АҚ **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің 2004 жылдың 10 желтоқсандағы № 419 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2009 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

4 Осы стандарт ИСО 12937:2000 "Мұнай өнімдері. Карл Фишер бойынша кулонометриялық титрлеу әдіспен судың болуын анықтау" халықаралық стандартқа сәйкес.

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарт Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің рұқсатынсыз Қазақстан республикасы аумағында ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Мұнай өнімдері

СУДЫҢ БОЛУЫН АНЫҚТАУ

КАРЛ ФИШЕР БОЙЫНША КУЛОНОМЕТРИЯЛЫҚ ТИТРЛЕУ ӘДІСІ

Енгізілген күні 2006-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт Карл Фишердің кулонометриялық титрлеу әдіспен қайнау температурасы 390°С төмен болатын мұнай өнімдеріндегі судың болуын тікелей анықтау әдісін қарастырады. Ол судың процентті болуы 0,003% (салмағы бойынша)-тен 0,100 % (салмағы бойынша) дейінгі мұнай өнімдерін қамтиды.

Осы стандарт базалық майлайтын май үшін қолданылуы мүмкін. Алайда осы өнімдерге арналған дәлдік белгіленбеген. 12-де белгіленген дәлдік қосарланған кюветті пайдаланып алынған деректерге негізделген.

Осы стандарт құрамында кетондар және ауыр мұнайлы қалдықтар бар мұнай өнімдеріне таратылмайды.

Ескертулер

1 Заттар қатары және қосылыс сыныптары үшін өзіндік ерекшелігі бар конденсация немесе тотықтырғыш-қалпына келтіру реакциялар мұнай өнімдеріндегі судың болуын Карл Фишердің титрлеу әдісімен анықтауына бөгет жасайды. Мұнай өнімдердегі осындай заттарда күкіртсутек және меркаптандық күкірт жиі кезігеді. Күкіртке қайта есептеуде олардың болуы 0,003% (салмағы бойынша) кем болғанда, өлшеу нәтижелеріндегі осы қосылыстарды түзету кінәраты судың болуын 0,003% (салмағы бойынша) тен 0,100% (салмағы бойынша) дейінгі ауқымда анықтау кезде болымсыз. Әдетте сульфидтер, дисульфидтер және тиофендер түрінде қатынасатын басқа органикалық күкіртті қосылыстар судың болуын анықталуына бөгет болмайды.

2 Мұнай өнімдеріндегі 0,003% (көлемі бойынша) тен 0,100% (көлемі бойынша) дейінгі ауқымында судың болуын тікелей анықтауға арналған балама процедурасы Б қосымшасында келтірілген. Көлемінің осындай балама өлшеуін пайдалану бойынша шектеулері Б қосымшасында көрсетілген.

3 Осы стандартта "% (салмағы бойынша)" және "% (салмағы бойынша)"өлшем бірліктері заттың салмақтық және көлемдік үлесін белгілеу үшін сәйкесінше пайдаланылады.

Сақтандырулар: Осы стандарт жұмыс процестерінде қажетті қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша процедураларды қарастырмайды. Осы стандартты қолданумен байланысты процедураларды белгілеу немесе техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі әдістемелерін белгілеу жауапкершілікті пайдаланушы атқарады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылған:

ГОСТ 2517-85 Мұнай және мұнай өнімдері. Сынамаларды сұрыптау әдістері.

ГОСТ 14870-77 Химиялық өнімдер. Суды анықтау әдістері.

3 Әдістің маңыздылығы

Сыналатын үлгі 6.2.1. сәйкес көзбен тексеріледі. Егер ол құйындық қозғалыс кезінде мөлдір, таза, су тамшысыз және қатты бөлшексіз болса, өлшенген порция кулонометриялық тәсілмен анодта Карл Фишер реакциясы үшін йод пайда болатын жерде Карл Фишер кулонометриялық аспабының титрлеу ыдысына құйылады. Барлық суды титрленгеннен кейін артық йод соңғы нүктенің электрометриялық детекторының көмегімен табылады және титрлеу аяқталады. Стехиометрия реакциясының негізінде йодтың бір молі судың бір молі реакциясына түседі, осылайша су саны Фарадей заңына сәйкес толық интеграцияланған тоққа пропорционалды.

Егер үлгі мөлдір емес немесе егер құйындық қозғалыс кезінде су тамшылары мен қатты бөлшектер байқалса, қоспа көмегімен гомогендеу алдында натрий диоктилсульфосукцинат ерітінді порциясын қосу қажет. Осыдан кейін өлшенген порция жоғарыда сипатталған сияқты өңделеді.

4 Реактивтер

4.1 4А типті цеолиттер (молекулярлық елек)

4.1.1 200°С–250°С температурада 4 сағат бойы кептіргіш шкафта және салқындатылған эксикаторда кептірілген цеолиттік түйіршіктер.

4.2 Ксилол, талдау үшін таза (т.ү.т)

4.2.1 Ксилолды сусыздандыру үшін сыйымдылыққа 2 $дм^3$ ксилол және 100 г активтендірілген цеолитті (4.1) сыйғызу қажет және түнге қалдырыңыз.

4.3 Карл Фишер реактиві

4.3.1 Талдау үшін 8 тармақта келтірілген талаптарды қанағаттандыратын сатуда бар Карл Фишер реактивін пайдаланады.

4.3.1.1 Анодты электролиздік ерітінді (анолит)

Карл Фишердің 6 бөлікті (көлемі бойынша) анодты ерітіндісін 4 бөлікті (көлемі бойынша) сусыздандыру ксилолмен (4.2) араластырыңыз.

Ескерту – Егер олар 8 тармақта көрсетілген пайдалану критериясына жауап беретін жағдайда Карл Фишердың анодты ерітіндінің басқа да пропорциясын пайдалануға болады.

4.3.1.2 Катодты электролиздік ерітінді (католит) 4.3.1 бойынша.

Ескерту – Аналитті (католит) тек жаңадан дайындалған аспапты калибрлеу алдында және талдауды орындау үшін пайдалануға болады.

4.3.1.3 Карл Фишердің бір реттік ерітіндісін диафрагма бар немесе жоқ элементтерінде (4.3.1.1 және 4.3.1.2) екі электролиздік ерітіндісінің орнына пайдалану үшін пайдаланады.

4.4 Натрий диоктилсульфосукцинат, талдау үшін таза (т.ү.т)

4.4.1 Натрий диоктилсульфосукцинат ерітінді

10 г натрий диоктилсульфосукцинат ерітінді (кептіргіш шкафта 105°С-110°С дейінгі температурасында 4 сағат бойы кептірілген) 4.2 бойынша дайындалған ксилол ерітіндіде ерітіледі және өлшегіш құтыда 100 мл белгісіне дейін жеткізеді.

Осы ерітіндідегі судың салмақтық үлесі 8 тармақта келтірілген процедураны тексеру кезінде 0,010% (салмағы бойынша) аспауы тиіс.

Ескертулер

1 Натрий диоктилсульфосукцинат, сондай-ақ мынадай атаулармен шығарылады: натрий сульфоянтарлық қышқылының диоктилдік күрделі эфир және диоктилсульфосукцинаттық натрий тұзы;

2 А қосымшасының міндетті талаптарына жауап беретін натрий диоктилсульфосукцинаттың орнына басқа анионогендік үстінгі-белсенді заттарды пайдалануы мүмкін.

4.5 [1] сәйкес 3 сұрыпқа сәйкесетін су

5 Аспап

5.1 7 тармақта келтірілген талаптарға жауап беретін Карл Фишер автоматты кулонометриялық титраторы.

5.2 А.3-те келтірілген гомогендеу талаптарына жауап беретін ауасыз қоспа.

Ескерту – Қоймалы қоспалар және айналмалы насосы бар қоспалар, мысалы, егер олар А қосымшада сипатталған принциптеріне сәйкесетін жағдайда автоматты сынамаларды сұрыптау ыдысымен пайдаланатын қоспалар қолайлы.

5.3 Жіберілетін каналдың мембрана арқылы енгізу кезде иненің ұшы анолит беттің төменгі деңгейіне дейін жетуін қамтамасыз ететін, ұзындығы сәйкесінше, инесі бар шыны шприці. Пайдаланатын инелердің саңылау диаметрі үлкен емес, бірақ сынамаларды сұрыптау кезінде қарсы қысымынан немесе тығындаудан пайда болатын мәселелерді тудырмау үшін жеткілікті болуы тиіс..

Ескертулер

1 Ине саңылауының ең қолайлы диаметрі 0,5мм -тен 0,8мм дейінгі;

2 Шприцтердің ұсынылатын өлшемдері:

а) 10 мл белгіленген инемен - титратор жұмысшы сипаттамасын тексеру үшін суды кезенді қосуға арналған;

б) 1 мл немесе 2 мл - мұнай өнімдерінің сынамаларды сұрыптауы үшін;

в) 10 мл - егер олар мөлдір емес немесе бос су немесе қатты бөлшектер болса мұнай өнімдері үлгілерінде натрий диоктилсульфосукцинат ерітіндісін қосу үшін.

5.4 ± 0,1 мг дейін дәлдігі бар тараз.

5.5 100 мл сыйымдылықпен өлшегіш құты.

5.6 Активтендірілген цеолиттің және құрғатылған натрий диоктилсульфосукцинаттің сақталуына арналған эксикатор.

5.7 105°С тен – 110°С дейін және 200°С ден 250°С дейінгі температурасын ұстауға арналған кептіргіш шкаф.

5.8 6.2.8 талаптарына сәйкес үлгілерді салқындатуға арналған ванна.

5.9 1°С дейінгі бөлу бағасы бар термометр.

6 Сынамаларды сұрыптау және оларды дайындау (А қосымшасы)

6.1 Сынамаларды сұрыптау

Сынамалар [2], [3] сәйкес сұрыпталуы тиіс.

Сынамаларды қол тәсілімен сұрыптау үшін боросиликат шыннан жасалған таза бөтелкесін пайдалануы қажет. Автоматты әдісті пайдаланған кезде судың болуын анықтау үшін бөлек сынаманы теріп алынады немесе 6.2.4-те келтірілген нұсқауларын басшылыққа алу керек.

6.2 Сынамаларды дайындау

6.2.1 Егер сынама, көзбен тексеру жүргізуге жасатқызбайтын ыдыста болса, мысалы, ыдыс мөлдір емес және оны басқа ыдысқа құюға болмайтын болса, онда үлгі сұрыптарына, оны таза емес және мөлдір емес ретінде қабылдап, 6.2.4-те сипатталған сияқты қарауы қажет.

6.2.2 Талдау алдында үлгіні 30 сек бойы қолмен қатты шайқау керек, содан кейін көбіктерді жоғалғаннан кейін үлгіге көзбен тексеру жүргізуі қажет. Жақсы жарық түсірілген жерде үлгінің лайланулығы мен мөлдірлігін тексеру керек, содан соң құйындық қозғалыс құрылады және жасалған құйғы түбін және су тамшылары мен қатты бөлшектер болған ыдыстың түбін тексеру керек. Сосын көзбен мөлдірлігі жазылады: таза және мөлдірлігі немесе таза емес және мөлдір еместігі жазылады. Құйындық қозғалыс кезінде су тамшылары немесе қатты бөлшектерінің болғаны байқалғандығы жазылады.

6.2.3 Егер үлгіні сұрыптау таза, мөлдір және су тамшылары мен қатты бөлшектер сынақ 8 тарауға сәйкес жүргізіледі.

6.2.4 Егер үлгі таза емес, мөлдір емес болса, егер құйындық қозғалыс кезінде су тамшылары мен қатты бөлшектер байқалса 5.2.5 – 5.2.8 сәйкес әрекет етеді.

Ескерту – Осы әдістің дәлдігі таза емес және мөлдір емес үлгілерге арналған гомогендеу сатысының нәтижелілігінен тәуелді, бұл кезеңді дәлелденеді. А қосымшасынан қараңыз.

6.2.5 4.4.1 сәйкес натрий диоктилсульфосукцинат ерітіндісін қосу үшін және А қосымшасында көрсетілген процедураға сәйкес 5.3-ке сәйкес 10 мл таза, құрғақ шприц пайдаланылады.

Ескерту – Үлгідегі судың болуын түзетуі натрий диоктилсульфосукцинат ерітіндінің су болуына қажет етілмейді, өйткені соңғысын есепке қабылдамауға болады.

6.2.6 Үлгі температурасы Цельсия градустарында араластыру алдында тікелей жазылады.

6.2.7 Біртектілікті қамтамасыз ету үшін үлгі талдау бастар алдында тікелей алғашқы ыдыста араластырылады. Араластыру уақыты, араластыру күші және қоспа жағдайына қатысты ыдыстың түбі А.3 келтірілген процедураға сәйкес сыналатын мұнай өнімдері үшін лайықты болуы тиіс. Мұнай өнімінің көлемі және ондағы судың болуы А.3-те белгіленген ең үлкен мәндерінен аспауы тиіс.

6.2.8 Араластыру аяқталғаннан кейін үлгі температурасы тікелей Цельсия градустарында жазылады. Осы температура мен 5.2.6 сәйкес температура арасындағы айырмашылығы 2°С аспауы тиіс, кері жағдайда жеңіл фракция немесе су төгілуі мүмкін. Егер осы критериларын қанағаттандыру мүмкіндігі болмаса, үлгіні 6.2.6 сәйкес процедураны орындау алдында 5.8 сәйкес ваннада салқындату қажет.

7 Аспапты дайындау

7.1 Титрлеу аспапты пайдалануға дайындаған кезде пайдалану жөніндегі инструкциялық нұсқауды басшылыққа алу керек.

7.2 Аспапты кептіру, шприцтерді, үлгілерді гомогендеу және қабылдауға Карл Фишер реагенттері бар осы еріткіштің салдарынан ацетон және басқа да кетондарды пайдалану рұқсат етілмейді.

7.3 Барлық тігістерді және титрлеу элементтері бар қосылыстарды атмосфералық ылғал түсуін болдырмау үшін тығыздау қажет.

7.4 Карл Фишердің (4.3.1.3) бір реттік ерітіндісін пайдаланған кезінде оны құрғақ шприцті (5.3) пайдаланып, титрлеу камерасына қосады.

7.5 Бөлек электролиздік ерітінділерді пайдаланған кезде, анолит (4.3.1.1) аспапқа ұсынылатын инструкция деңгейіне дейін титрлеу элементінің сыртқы камерасына қосылады. Католит (4.3.1.2) анолит деңгейінен 2-3 мм-ге төмен деңгейіне дейін титрлеу элементінің ішкі камерасына қосылады.

7.6 Титрлеу және қоспа қосылады. Титрлеу камерада қалдық ылғалдың титрленуі төменде келтірілген ескертуді ескере отырып, аспапты пайдалану бойынша инструкциясына сәйкес фондық ағын (немесе титрлеудің фондық жылдамдығы) тұрақты және ең үлкен мәніне қарағанда кем болмайынша осы фазада ұсталуы тиіс және титрлеу соңғы нүктесіне жетуіне дейін жүргізіледі.

Ескерту – Үлкен фондық ағын уақыт ұзақтылық кезеңі ішінде титрлеу камерасының ішкі қабырғаларындағы ылғал болуымен кесімделген болуы мүмкін. Камераның жеңіл айналуы ішкі бөлігін электролитпен жууға көмектеседі. Атмосфералық ылғал элементке түспеу керек, сол үшін барлық қосылғыш деталдар тексеріледі. Тұрақтандыру үшін, яғни төменгі фондық ағынға қайту үшін титрлеуді көп уақытқа қосып тұруы ұсынылады.

7.7 Егер ыдыс мұнай өнімімен ластанса, анодты және катодты камералар ксилолмен (4.2) мұқият тазаланады. Аспапты тазалау немесе кептіру үшін ацетон немесе басқа кетондар пайдаланылмайды.

8 Аспаптың бақылау сынақтары

Титрленген су саны Кулондардағы тұтыну электрлік санының тік функциясы болып табылады. Алайда реагент жұмысшы сипаттамасы пайдалану процесінде нашарлайды және оларды 10 мл судың дәл бүрку жолмен тұрақты бақылау керек. арқылы іске асырылады. Бақылаудың ұсынылған интервалдар: жаңа реагенттері бар жұмыс басталу моментінен әр 10 сыналатын сұрыптама бөліктерінің бүркемеден кейін.

Карл Фишер анолит және католит немесе бір реттік ерітіндісі төмендегі тармақтардың кем дегенде біреуі белгіленіп қалған сайын ауыстырылады:

а) 10 мл судың бүрку нәтижесі 10 000 мг ± 200мг артады;

б) үнемі биік немесе тұрақты емес фондық ағын;

в) сыртқы камерада фазаларының бөліну болады немесе электродтарда мұнай өнімдерінен жасалған жабын пайда болады;

г) титрлеу элементінде жалпы мұнай өнімінің болуы анолит көлемінің үштен бірі артқанда;

д) титрлеу электролитті ауыстыруды ұсына отырып, қателік туралы хабар береді. (пайдалану жөніндегі инструкциясын қараңыз).

9 Сынақты жүргізу

Үлгіні (5.2) дайындағаннан кейін таза және құрғақ шприцпен (5.3) алдын ала сынақ үшін дайындаған мұнай өнімімен 2-3 рет тазарту керек. Содан кейін шприцке зертханалық үлгінің 1-2 мл сыналатын порциясын алып, инені қағаз мұқаба матамен тазалау және шприц ішіндегісін 0,1 мг дәлдікпен таразыда өлшеу керек. Иненің ұшын мембрана арқылы сұйық беті астындағы кіру саңылауына қойып, барлық сыналатын порциясын қағып, титрлеуді бастау керек. Шприцты шығарып, инені таза матамен сүртіп, шприцті 0,1 мг дәлдікпен қайтадан өлшеу керек.

Титрлеу соңғы нүктесіне жеткеннен кейін титрленген су саны бойынша көрсеткішті алып тастау керек. (5.1).

10 Нәтижелерді өңдеу

Судың салмақты үлесі (1) формула бойынша пайыздарда есептеледі:

$$w = \frac{100 m_2}{m_1 \times 10^6} \qquad (1)$$

мұндағы

m_1 – талданатын сұрып салмағы, грамда (г);

m_2 – құрал көрсеткіші бойынша судың салмағы, миллиграмда (мг).

10.2 Судың көлемдік үлесі (2) формула бойынша пайыздарда есептеледі:

$$\varphi = \frac{w \times \rho}{1\ 000} \qquad (2)$$

мұндағы

w - пайызда көрсетілген судың салмақтық үлесі,

ρ - 15°С температурадағы талданатын сұрып тығыздығы, кг/м^3

11 Нәтижелерді ұсыну

Талданатын сұрыпта судың салмақтық үлесі 0,001% дейін дәлдікпен жазылады.

12 Дәлдік

12.1 Жинақтылық, r

Сынама әдісін бір аспапта, бірдей шарттарда, сәйкес сыналатын материалда жай және дұрыс орындаған кезде бір оператормен алынған екі анықтама нәтижелерінің арасындағы айырмашылықтары тек жиырма жағдайдың біреуінде ғана мынадай мәні артуы мүмкін.

$$r = 0{,}01874X^{0,5} \qquad (3)$$

мұндағы

X – эксперименталды мәндерін салыстыратын ортақ мәні

12.2 Ұдайы өндіру, R

Сынама әдісін әр түрлі зертханаларда жұмыс істейтін әр түрлі операторлармен алынған сәйкес сыналатын материалда жай және дұрыс орындаған кезде, сынақтың екі бірлік және тәуелсіз нәтижелерінің арасындағы айырмашылықтары тек жиырма жағдайдың біреуінде ғана мынадай мәні артуы мүмкін.

$$R = 0{,}06877X^{0,5} \qquad (4)$$

мұндағы

X – сынақ нәтижелерін салыстыратын ортақ мәні.

13 Сынақ туралы есеп

Сынақ туралы есепте мынадай мәліметтер болуы тиіс:

а) осы стандартқа сілтеме;

б) сыналатын мұнай өнімінің типі және толық таңбалануы;

в) мұнай өнімінің сыналатын үлгісінің түрлері:

- тазалық және мөлдірлік деңгейі;
- құйындық қозғалыс кезінде су тамшылары және қатты бөлшектерінің болуы;

г) пайдаланылған эмульгатор типі, концентрациясы және саны;

д) қоспа типі, араластыру уақыты мен жылдамдығы, үлгіге арналған ыдыстың түбіне қатысты қоспаның шамалау жағдайы;

е) сынаманың араластырғанға дейінгі және араластырғаннан кейінгі температурасы.

ж) сынақ нәтижесі (10 қараңыз);

и) белгіленген процедураның кезкелген ауытқулары (тараптар келісім бойынша);

к) сынақ жүргізілетін күні.

А қосымшасы
(міндетті)

Үлгілермен айналысу

А.1 Жалпы ережелер

А.1.1 Таңдап алынған өніммен қарым қатынас жөнінде әзірленген әдістемелер сыналатын өнімдер сипаттамаларының сақталуын қамтамасыз ету мақсатты басшылыққа алады.

А.1.2 Зертханалық талдауларының әртүрлі процедуралары үшін үлгілерді қолданудың әр түрлі әдістері бар. Сондықтан үлгілерді сұрыптауды өндіретін қызметшілерді үлгілерді қолдану жөніндегі қажетті инструкцияларымен сәйкес сынақ әдістерінің қамтамасыз етілуін талдау жасау керек. Егер қолданылатын аналитикалық процедураларда бір біріне қайшы болатын талаптар бар болса, онда әр процедуралар үшін бөлек үлгі таңдалынады.

А.1.3 Мынадай заттарды қолдану кезде ерекше назар аудару:

а) булану қабілетті құрамында ұшпа заттары бар сұйықтық;

б) бөлінуге бейім құрамында су бар сұйықтық;

в) сәйкес температураны ұстауын қажет ететін құрамында парафин бар сұйықтық.

А.1.4 Аралас үлгілерді сұрыптауға ұшпа сұйықтықтарының жеңіл фракциясын сұрыптаған кезде жоғалтуды болдырмауға және өзіндік ерекшелігі бар су мөлшерін және тұнба болуының сақталуына ерекше назар аудару талап етіледі

А.1.5 Сұрыптаған кезде таңдап алынған үлгілердің бір ыдыстан бір ыдысқа құйылуы рұқсат етілмейді. Назарға құрамында ұшпа фракция және байланыспаған су бар үлгілерді сұрыптаған кезде назар аудару керек. Ұшпа сұйықтықтарының үлгілерін салқындату қажет.

А.1.6 Қолмен сұрыптаған кезде жеңіл және орташа дистилляттарды боросиликат шынынан жасалған тұнық ыдыстарын пайдалану қажет.

А.2 Үлгілерді гомогендеу

А.2.1 Кіріспе

Құйындық қозғалыс кезде таза және мөлдір үлгілерде су тамшылары немесе қатты бөлшектер байқалмаса, онда араластыру қажет етілмейді.

Кері жағдайда үлгілер гомогендеуге ұшырайды. Гомогендеу сынаққа арналған үлгілер сыйымдылығынан тасымалдауға арналған үлкен емес контейнерге немесе сынаққа арналған құралға құйылады. Араластыру сапасын тексеру процедурасы А.3-те келтірілген. Қатты тұтқыр мұнай өнімдері үшін араластырар алдында эмульгатор ерітіндісін қосуы қажет. Араластыруды механикалық тәсілмен жүргізу керек.

А.2.2 Жылжытатын ауасыз алмалы-салмалы қоспаның көмегімен гомогендеу

Үлгі бар ыдысқа лайықты эмульгатор ерітіндісі порциясын қосылады және (5.2) білік басы мен ыдыс түбінің арасында қашықтығы А.3-те анықталғандай болатындай етіп, осылай араластырғыш (5.2) қойылады. Үлгі А.3-те сипатталған араластырудың уақыты бойынша жылдамдықпен араластырылады.

Құрамында жеңіл фракциялар бар үлгілермен жұмыс кездегі араластырғышпен жұмыс 2°С-тан кем емес температурада ыдыс тығынында нығыздау арқылы жүргізіледі. Осы режимдегі жұмыс үшін салқындататын ваннаны пайдалануға болады.

Қоспа білікгін араластырғаннан кейін еріткішпен мұқият тазарту және кептіру керек. Әр үлгі сынағын таза және құрғақ араластырғышпен жүргізілу керек.

А.2.3 Ауасыз айналмалы араластырғыш жүйенің көмегімен гомогендеу

Үлгі бар стационарлық белгіленген немесе жылжымалы контейнерге лайықты эмульгатор ерітіндісінің порциясы қосылады. Үлгінің айналымы арнайы сорғы немесе

қимылсыз араластырғыштың көмегімен қамтамасыз етіледі. Араластырғыш диаметрі үлкен емес құбырдың сыртына орналастырылады. Айналым үшін арнайы конструкция және күштілігі бар сорғы пайдаланылады, оның пайдаланылуы инструкция бойынша қатаң жүргізіледі.

Айналу ағынының жылдамдығы, араластыру уақыты және сорып алатын және шығару каналдарының орналасуы А.3-те анықталған көрсеткіштеріне сәйкесуі тиіс. Қажет етілетін үлгі саны айналу сызығындағы ысырма арқылы үлгіні мұқият араластырғаннан кейін сорғы жұмысы уақытында таңдалынады. Сосын кейін контейнер босатылады және сорғы көмегімен барлық жүйе көмірсутек іздері толық жойылғанша еріткішпен мұқият тазартылады. Тазалағыш еріткіштің барлық іздерін толық жою үшін жүйе құрғақ сығылған ауаны өткізу арқылы немесе азотпен кептіріледі.

А.3 Араластыру шарттарын тексеру

А.3.1 Үлгінің араластыру әдісі және араластыру үшін қажет уақыт таңдалады.

А.3.2 Үлгілер үшін алдын-ала өлшенген ыдысқа (ыдыстың 80% сыйымдылығына дейін) құйындық қозғалыс кезінде байқалмайтын су тамшылары мен қатты бөлшектерден таза, мөлдір және бос болуға тиісті мұнай өнімінің сыналатын үлгісінің жартысы құйылады. Судың таза салмақтық үлесі 9 - бөлімде келтірілген процедураға сәйкес анықталады.

Ескерту – Осы үлгіні судың салмақтық үлесін анықтар алдында араластыру қажеттілігі жоқ..

А.3.3 Үлгілерге арналған ыдыстарда үлгі салмағын анықтау үшін 0,1 г дейінгі дәлдікпен таразыда қайтадан өлшенеді. Үлгі температурасы 1°С дейінгі дәлдікпен өлшенеді. Судың салмақтық үлесін 0,100% (салмағы бойынша) дейін жеткізу үшін судың жеткілікті мөлшері қосылады. Су салмағы 0,1 мг дейінгі дәлдікпен жазылады.

А.3.4 10 мл шприцін пайдаланып, лайықты эмульгатор ерітіндісінің порциясы қосылады. Егер бензин, керосин немесе газойль талданса, 100 мл үлгіге ксилолдағы (4.4.1) натрий диоктилсульфосукцинаттың 1 мл ерітіндісі қосылады. Алайда, егер нафта тексерілсе, 100 мл үлгіге ксилолдағы натрий диоктилсульфосукцинаттың 2 мл ерітіндісінің қосылуы үнемі қажет етіледі.

А.3.5 Үлгі араластырылады. Жоғары жылжитын араластырғыш үшін араластыру жылдамдығы мен уақыты және білік басы мен ыдыс түбінің арасындағы жуықтау қашықтығын жазып қою керек. Лайықты мәндер мыналар болып табылады: минутына 15000 айналым, 60 сек және 20 мм сәйкесінше. Айналмалы сорғысы бар араластырғыш үшін айналу уақыты пен жылдамдығын және сорып алатын және шығару арнасының орналасуы шамамен жазылады. Үнемі лайықты мәндер мыналар болып табылады: ұзақтығы 15 минут ағынның жылдамдығы құрамындағы барлығын айналдырады, кем дегенде, сорып алатын арна минутына 1 рет ыдыстың түбіне барынша жақын орналасады.

А.3.6 Араластырғаннан кейін үлгінің екі порциясы таңдалады және сынақ 8 бөлімде көрсетілген процедураға сәйкес жүргізіледі. Екінші порциясы титрлеу элементіне енгізілгенде араластырғаннан кейінгі уақыт тұрақтылықтың тексерілген ең үлкен кезеңін анықтайды.

Егер судың болуын анықтайтын және болуға тиісті (қосылған су мен дайындап қоятын су) судың жалпы мөлшерінің арасында жақсы сәйкес келушілігі бар әдістің қайталанғыштық шектерінде араластыру шарттары тиісті түрде жазылады.

Егер нәтижелер әдістің қайталанғыштық шектерінде жақсы сәйкес келушілігі бермесе, онда олар алынып тасталынады. Осы процедура басына бару және араластыру қатаң шарттарын пайдалану керек.

Б қосымшасы
(анықтамалық)

Үлгі өлшемін көлемді анықтауымен сынаманың балама әдісі

Б.1 Кіріспе

Берілген сынаманың балама әдісі осы стандартта сипатталғандай мұнай өнімдерінде судың болуын анықтау үшін пайдаланады, титрлеу ыдыста енгізілген мұнай өнімі үлгісінің сыналатын бөліктерінен басқа көлемді өлшеуге пайдаланылады.

Б.2 Аппаратура

Б.2.1 Шын, көлемі 1 мл немесе 2 мл, 0,01 мл (10 мл) дейінгі дәлдікпен, белгілі ұзындықпен инесі бар, кіріс саңылауын жарғақ арқылы енгізген кезде сұйықтық бетінің төменгі деңгейіне дейін иненің ұшына жетуін қамтамасыз ететін шприцтер. Пайдаланатын инелердің саңылау диаметрі үлкен емес, бірақ қарсы қысымнан немесе үлгіні сұрыптау кездегі бітелуден пайда болатын проблемаларды болдырмау үшін жеткілікті болуы тиіс.

Ескерту - 0,5мм - 0,8 мм ине - ең лайықты саңылау диаметрі

Б.3 Процедура

Б.3.1 Сынақ жүргізу процедурасы, үлгінің сыналатын бөлігі салмағы бойынша емес, көлемі бойынша өлшенетіндерден басқасы осы стандартта сипатталған талаптарға сәйкесуі тиіс және Б.3.4 тармақта келтірілген сақтандырғыштың қосымша шараларын қабылдауы қажет.

Б.3.2 Мұндай ацетон және басқа да кетондар және Карл Фишер реагенттері бар реакцияға түседі, оларды аспапты, шприцтерді, гомогендегіштерді (араластырғыштар) және үлгілерді сақтауға арналған сыйымдылықтарды жуу және кептіру үшін қолдануға рұқсат етілмейді.

Б.3.3 6.2 сәйкес үлгі дайындалады.

Б.3.4 Таза және құрғақ шприц сынаққа арнап дайындалған мұнай өнімдерімен 2-3 рет алдын ала жуылады. Шприцке үлгінің жұмысшы бөлігі құйылады, ине қағаз сүзгімен тазартады және таңдап алынған үлгі газдық көбіктердің болғанында тексеріледі (егер үлгіде ауа көбігі байқалса, онда үлгі процедурасы қайталанады) содан кейін шприц көлемі 0,01 мл дейінгі дәлдікпен өлшенеді.

Б.3.5 Шприц инесі сұйықтық бет астындағы кіріс саңылауының жарғағы арқылы кіргізіледі, барлық сыналатын порция қағылады, титрлеу басталады. Титрлеу соңғы нүктесіне жеткен соң, титрленген судың көрсеткіші жазылады.

Б.4 Нәтижелерді өңдеу

Судың көлемдік үлесі (Б.1) формула бойынша пайызда есептелінеді, φ:

$$\varphi = \frac{100V_2}{V_1 \times 10^6} = \frac{V_2}{V_1 \times 10^4} \qquad (Б.1)$$

мұндағы

V_1 – үлгінің сыналатын бөлігінің көлемі, мл-де;

V_2 - титрленген судың көлемі, нанолитрде (нл), (егер 1 нл су 1 мкг тартады десек, титротормен көрсетілген су салмағының эквивалентіне).

Б.5 Нәтижелерді көрсету

Талданатын үлгідегі судың көлемдік үлесі 0,001% дейінгі дәлдікпен жазылады.

Б.6 Сынақ туралы есеп

Әдістің белгілеуінде “Б қосымшасы” қосымша көрсетіледі және есеп 13 - бөлімге сәйкес құрылады.

В қосымшасы
(анықтамалық)

Библиография

[1] ISO 3696:1987, Аналитикалық зертханада пайдалануға арналған су. Техникалық талаптар және сынақ әдістер.

[2] ISO 3170:1988, Мұнай сұйықтықтары. Үлгілерді қолмен сұрыптау.

[3] ISO 3171:1988, Мұнай сұйықтықтары. Құбыржолдардан жасалған үлгілерді автоматты сұрыптау.

ӘОЖ **МСЖ 75.080**

Түйінді сөздер: цеолитті түйіршіктер, ксилол, натрий диоктилсульфосукцинат, үлгіні сұрыптау, үлгіні дайындау, аспапты дайындау, есептеу.



ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Нефтепродукты

ОПРЕДЕЛЕНИЕ СОДЕРЖАНИЯ ВОДЫ

Метод кулонометрического титрования по Карлу Фишеру

СТ РК ИСО 12937-2004
(ИСО 12937:2000, IDT)

Издание официальное

Комитет по техническому регулированию и метрологии
Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан
(Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН АО «Казахский институт нефти и газа»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Комитета по стандартизации, метрологии и сертификации Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 10 декабря 2004 года №419

3 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ **2009 год**
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ **5 лет**

4 Настоящий стандарт идентичен международному стандарту ИСО 12937:2000 «Нефтепродукты. Определение содержания воды. Метод кулонометрического титрования по Карлу Фишеру»

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан

Содержание

1	Область применения	1
2	Нормативные ссылки	1
3	Сущность метода	2
4	Реактивы	2
5	Аппаратура	3
6	Отбор проб и их приготовление	3
7	Подготовка аппарата	4
8	Контрольные испытания аппарата	5
9	Проведение испытания	5
10	Обработка результатов	5
11	Представление результатов	6
12	Точность	6
13	Отчет об испытании	6
Приложение А Обращение с образцами		7
Приложение Б Альтернативный метод испытания с объемным определением размера образца		9
Приложение В Библиография		10

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Нефтепродукты
ОПРЕДЕЛЕНИЕ СОДЕРЖАНИЯ ВОДЫ
Метод кулонометрического титрования по Карлу Фишеру

Дата введения 2006.01.01

1 Область применения

Настоящий стандарт предусматривает метод прямого определения содержания воды в нефтепродуктах с температурой кипения ниже 390°С методом кулонометрического титрования Карла Фишера. Он охватывает нефтепродукты с процентным содержанием воды от 0,003% (по массе) до 0,100% (по массе).

Настоящий стандарт может применяться для базовых смазочных масел. Однако точность для этих продуктов не установлена. Точность, приведенная в разделе 12, основана на данных, полученных с использованием сдвоенной кюветы.

Настоящий стандарт не распространяется на нефтепродукты, содержащие кетоны и тяжелые нефтяные остатки.

Примечания

